

## Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2018 жылғы 6 маусымдағы № 25/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 маусымда № 4831 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 19 ақпандағы № 07/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 19.02.2019 № 07/01 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" заңдарына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік нысанына және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарға жұмыс орындары квотасы белгіленсін:

1) 1 қосымшаға сәйкес ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде;

2) 2 қосымшаға сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде;

3) 3 қосымшаға сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде;

4) 4 қосымшаға сәйкес ауыр жұмыстарды, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындарының тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде мүгедектер үшін 2 % - дан бастап 4 % - ға дейінгі мөлшерде.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Аманжоловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Әбеуова*

1 қосымша  
Ақтоғай ауданы әкімдігінің

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі**

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1	Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының білім бөлімі "Сарышаған кентіндегі жалпы орта білім беретін мектеп (мектеп жанындағы интернатымен)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	152	1	2
2	Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының білім бөлімі "Күләш Байсейітова атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	1	1

2 қосымша  
Ақтоғай ауданы әкімдігінің  
"06" маусым 2018 жыл  
№ 25/01 қаулысына

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі**

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Балхашбалық" фирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	162	1	2

3 қосымша  
Ақтоғай ауданы әкімдігінің

## Қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының " Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	60	1	1
2	"Балхашбалық" фирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	162	1	2

4 қосымша  
Ақтоғай ауданы әкімдігінің  
"06" маусым 2018 жыл  
№ 25/01 қаулысына

## Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1	Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының білім бөлімі "Сарышаған кентіндегі жалпы орта білім беретін мектеп (мектеп жанындағы интернатымен)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	152	3	5
2	Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының білім бөлімі "Күләш Байсейітова атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	2	2

